

ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы

2015 жыл 06 қараша

Қазақстан қор биржасы мен Megawatt-X жел және күн энергетикасын қаржыландыруды дамыту аясында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды

Лондон, 2015 жыл 04 қараша – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының Төрағасы Есжан Біртанов мырза, "Megawatt-X" компаниясымен Орталық Азияда жаңғыртылатын энергия көздеріне инвестицияларды жылжыту үшін мүмкіншіліктерді зерттеу мақсатында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. " KASE стратегиясының бір бөлігі альтернативті инвестициялауды қолдау болып табылады. Жел мен күннің энергетикасын қолдану бүкіл әлем бойынша көбірек қолданысын тауып, таза ауа мен инвесторлар үшін жақсы кірістерді қамтамасыз етеді. Megawatt-X-пен жасалған Меморандум Қазақстан Үкіметінің Астана қаласында өтетін EXPO – 2017 дайындық бойынша бастамасын қолдау болып табылады, себебі KASE жуыржағы жылдары, қуаттылығы 5 Гигаваттқа жететін, салаларға инвестициялар салудың жолбасшысы болуды көздеп отыр", – деді Е.Біртанов мырза.

Уақытты үнемдеу және тәжірибе алу мақсатында, KASE жаңғыртылатын энергия көздері саласында сарапшы болып табылатын және саланың ең жаңа жетістіктері туралы мағлұматы бар компанияның серіктесі болуды жөн көрде. "KASE Megawatt-X-ті таңдағаны, олар ең жылдам дамып келе жатқан платформа, ал Лондон – қаржылық технологиялардың ордасы болып табылады", – деп өз сөзін жалғастырды Есжан Біртанов.

"Megawatt-X" компаниясына бар-жоғы екі жол болғанымен, нарықтағы ең салмақты айыншы екені анық. Осы платформаның құрушысы, табиғатты қорғау қызметін қаржыландыру саласының сарапшысы, Лоран Сегален мырза болып табылады. Ол халықаралық желіні осы саладағы 20 жылдың тәжірибесін және жоғары білікті бағдарламашылардың күш-жігерін біріктіре білді.

Megawatt-X басқарушы серіктесі Лоран Сегален мырза, өз сөзінде былай деді: "Жел электростанциялары мен гелиокондырғылары жоғарыкірісті облигациялармен тең: тәуекелдің шамалы болуы және айтарлықты кірістілігі арқасында жүздеген инвесторлардың сұранысына ие. Жылына 20%-ға өсіп келе жатқан нарықта, мұнда транзакциялардың 80% 100 миллион доллардан аспайтын, ал өнім көптеген елдерде ұқсас (бірақ бірдей емес), осындай платформаны құру тек уақыттың билігінде еді, біз бірінші болғанымыз үлкен олжа болды, және Қазақстан қор биржасымен ынтымақтастықта болу мүмкіншілігіне өте қуаныштымыз".

Меморандум шегінде тараптар лицензиялық келісімдер жасасу мүмкіншіліктерін қарастырады, соның көмегімен KASE Қазақстандағы Megawatt-X өкілеттілігін ашуға мүмкіндік беріп, Megawatt-X ақпараттық технологияларын және әдістемесін қолдана отырып, оның қызметін басқара алады.

Анықтама үшін:

KASE – Қазақстан қор биржасы (KASE) ТМД аймағындағы жетекші биржаларының бірі болып табылаты, оның ресми тізімінде 130-дан астам компаниялардың бағалы қағаздары енгізіліп, 50-ден астам брокерлер онымен сауда-саттық жүргізеді. KASE Қазақстанның қаржы нарығында қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының қаржы құралдарының, шетел валюталарының, мемлекеттік және қазақстандық және шетелдік эмитенттердің беймемлекеттік корпоративтік облигацияларының және халықаралық ұйымдардың облигацияларының сауда-саттығына арналған әмбебап сауда алаңы.

Қазақстан Орталық-Азиялық аймақтағы аймақтық қаржы орталығы ретінде дамуды көздеген, Исламдық қаржыландыруды дамытуға ерекше көңіл бөлетін, жетекші қаржы нарығы болып табылады. Қазақстан қарқынды дамып келе жатыр. Елдің дамыған және динамикалық ішкі капитал нарығы бар, өз кезегінде ол Орталық-Азиялық аймақтағы басқа қатысушылар мен әлеуетті эмитенттерді тартады. KASE туралы қосымша ақпараттармен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде www.kase.kz сайтында танысуға болады.

Megawatt-X (www.megawatt-x.com) – жаңғыртылатын энергия секторындағы компаниялардың активтеріне (акциялары, облигациялары, қорлары, портфельдері) арналған, тез өсіп келе жатқан халықаралық платформасы 1 050 астам мүшелерін біріктіріп, 1 700 мегаватт энергиясын өндіреді. Штаб-квартирасы Лондонда орналасқан, компания 2013 ж. ең үздік замани технологияларды қолданумен құрылған.